

кана емес, сондай-ақ ортағасырлық әкімшілік, сауда, әскери және діни орталық ретінде қызмет еткенін дәлелдейді. Бозоқ қалашығының зерттелуі қазіргі Астананың қалыптасу тарихын, елорданың урбанизация процесін, сондай-ақ түркілік мемлекеттік дәстүрінің тарихи сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Археологиялық материалдар, археономастикалық деректер және гидронимдер арқылы қалашықтың әлеуметтік құрылымы, тұрғындардың тұрмыс-салты, экономикалық және мәдени өмірі жан-жақты көрініс табады. Сонымен қатар, Бозоқ зерттеулері Қазақстанның ортағасырлық дала белдеуі тұрақты поселкелерінің ерекшеліктерін ашуға, қалалық құрылыс және қорғаныс жүйелерін сипаттауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Бозоқ қалашығының ономастикасы мен археологиялық табылулары Қазақстан тарихын, Астананың қалыптасу жолын, түркілік мемлекеттік дәстүрін түсіну үшін маңызды ғылыми база болып табылады. Бұл нысан қазіргі елорданың тарихи бастауын айқындап, өңірдің мәдени-рухани келбетін байытады. Бозоқ атауы-өткен мен бүгінді байланыстыратын тарихи көпір, ол тек ғылыми зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар музейлендіру, білім беру, туризм және мәдени-рухани бағыттағы жұмыстар үшін де маңызды нысан болып қала береді. Сонымен қатар, Бозоқ қалашығының кешенді зерттелуі аймақ тарихын, археологиялық мұраларын, ономастикалық дәстүрлерді сақтау және оларды қоғамға насихаттау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл зерттеу нәтижелері тек Астана қаласының тарихи картасын толықтырып қана қоймай, бүкіл Қазақстан аумағындағы ортағасырлық мәдени және тарихи жүйелерді зерттеуге үлгі болып табылады. Бозоқ -өткен мен қазіргі заманның арасындағы көпір, ол ғылыми тұрғыдан ғана емес, мәдени және рухани тұрғыдан да ерекше құндылыққа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хабдулина М.К. Новые открытия в археологии Дешт и-Кыпчака // Алматы: научная статья , 2011.- 24С
- 2.Марал Хабдулина мен Татьяна Кошман. К.А. Ақышев о создании музея-заповедника Бозок//Алматы: научная статья , 2022.-11С
- 3.Хабдулина М.К., Гаврилов Д.А. Бозок - средневековое городище на реке Ишим (Орталық Қазақстан) //Алматы: книга, 2023 ,360С
4. Әйгерім Жүсіпова. Ежелгі Астана және Кемел Ақышев. статья, <http://E-History.kz>,2018
- 5.Khabdulina, M., Pleugabulov, D., & Orazbayeva, Z. Bozok - the Turkic Cult Center in Central Kazakhstan //Астана: Anthropologist журналы,2016,8С
6. Khabdulina, M. Cult center of ancient Turks on the territory of central Kazakhstan (Bozok). //Астана: мақала, 2013,16С
7. Maral Khabdulina. The history of the creation of the museum-reserve “Bozok”//Астана:мақала,2022,14С

ЕРТІС БОЙЫНДАҒЫ ҚИМАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Тұрсынұлы Б.

Ғылыми жетекшісі: Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы,
PhD - Молдахмет А.А.
tursunbeibarys@gmail.com
Астана қаласы

Аңдатпа

Қимақ қағанаты VIII ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында өмір сүрген. Оның жері қазіргі Қазақстанның шығыс және солтүстік-шығыс бөліктерін қамтыған. Қимақтардың негізгі мекені - Ертіс өзенінің бойы болған. Сол жер Қимақ қағанатының саяси, экономикалық және мәдени орталығы саналған екен. Қимақ мемлекетінің құрамында алғашында жеті тайпа болған, кейін он екі тайпаға дейін көбейген. Қимақтардың астанасы Имақия (немесе Имақ) деп аталған. Бұл қала Ертіс өзенінің орта ағысы маңында орналасқан және елдің басты орталығы болған. Ертіс өзені қимақтар үшін өте маңызды болды. Өзен бойында көптеген қалалар мен қоныстар пайда болды. Олар арқылы сауда жолдары, әсіресе Жібек жолының солтүстік тармағы өткен. Осы жолмен Қимақ елі Орта Азиямен, Сібірмен және Қытаймен байланыс орнатқан. Ортағасырлық деректерде қимақ қалаларының бірнешеуі аталады. Солардың ішіндегі ең белгілілері - Имақия, Карантия, Астур, Сараус және Джамукат. Бұл қалаларда қолөнер, сауда, металл өңдеу және егіншілік дамыған. Қалалардың құрылысы да өзінше ерекше болған.

Әр қалада қамал (қорған), ішкі қала (цитадель) және сыртқы қала (рабад) орналасқан. Үйлер көбіне күйдірілген кірпіштен салынған. Сондай-ақ базарлар, мешіттер мен шеберханалар да болған. Қимақтар мәдениетке де көңіл бөлген. Археологиялық қазбалардан жазу үлгілері мен темір бұйымдар табылған. Бұл олардың жоғары мәдени деңгейін көрсетеді. XI ғасырдың басында Қимақ қағанаты әлсірей бастайды. Бұған ішкі қайшылықтар мен қыпшақтардың күшеюі әсер еткен. Соның салдарынан Ертіс бойындағы көптеген қалалар құлдырап, кейін қыпшақтардың қол астына өткен. Дегенмен, Қимақ дәуіріндегі қалалар мен мәдениет кейінгі қазақ жеріндегі қалалық өмірдің дамуына негіз болды. Сондықтан Ертіс бойындағы қимақ қалалары - қазақ халқының ерте орта ғасырлардағы мәдениеті мен тарихын түсінуде аса мән береді деп санаймын.

Кілт сөздер: Ертіс, Имакия, Карантия, Жібек жолы, Орта Азия, қалалар, Кумеков, Аль-Идриси, жазба деректер, орта ғасыр,

Аннотация

Кимакский каганат существовал с конца VIII до начала XI века. Его территория охватывала восточные и северо-восточные районы современного Казахстана. Основным ареалом расселения кимаков являлось побережье реки Иртыш, которое считалось политическим, экономическим и культурным центром государства. Изначально в состав кимакского государства входили семь племён, впоследствии их число увеличилось до двенадцати. Столицей являлся город Имакия (или Имак), располагавшийся в районе среднего течения Иртыша и игравший роль главного административного центра.

Река Иртыш имела важнейшее значение для кимаков: вдоль её берегов возникали многочисленные города и поселения, через которые проходили торговые пути, включая северную ветвь Великого шёлкового пути. Посредством этих маршрутов Кимакский каганат поддерживал связи со Средней Азией, Сибирью и Китаем. В средневековых письменных источниках упоминаются такие города кимаков, как Имакия, Карантия, Астур, Сараус и Джамукат, где были развиты ремесло, торговля, металлообработка и земледелие.

Градостроительная структура отличалась своеобразием: каждый город включал крепость (крепостной вал), внутренний город (цитадель) и внешний город (рабад). Жилые постройки возводились преимущественно из обожжённого кирпича. Также существовали рынки, мечети и ремесленные мастерские. Кимаки уделяли большое внимание развитию культуры, о чём свидетельствуют археологические находки письменных памятников и железных изделий, указывающие на высокий уровень их цивилизационного развития.

В начале XI века Кимакский каганат начал ослабевать вследствие внутренних противоречий и усиления кипчаков. В результате многие города на берегах Иртыша пришли в упадок и перешли под власть кипчакских племён. Тем не менее, города и культурное наследие кимакского периода заложили основу для дальнейшего развития городской жизни на территории Казахстана, что позволяет рассматривать их как важнейший источник для изучения истории и культуры казахского народа раннего Средневековья.

Ключевые слова: Иртыш, Имакия, Карантия, Шёлковый путь, Средняя Азия, города, Кумеков, Аль-Идриси, письменные источники, Средневековье.

Abstract

The Kimak Khaganate existed from the late 8th to the early 11th century. Its territory covered the eastern and northeastern regions of present-day Kazakhstan. The main area of settlement of the Kimaks was along the Irtysh River, which served as the political, economic, and cultural center of the state. Initially, the Kimak state consisted of seven tribes, later expanding to twelve. Its capital was Imaqiya (or Imak), located near the middle course of the Irtysh River and functioning as the principal administrative center.

The Irtysh River played a crucial role in the life of the Kimaks. Numerous towns and settlements emerged along its banks, through which important trade routes passed, including the northern branch of the Silk Road. Through these routes, the Kimak Khaganate maintained connections with Central Asia, Siberia, and China. Medieval written sources mention several Kimak cities, the most notable being Imaqiya, Karantia, Astur, Saraus, and Jamukat, where crafts, trade, metalworking, and agriculture were well developed.

The urban layout of these cities was distinctive, comprising a fortress, an inner city (citadel), and an outer city (rabad). Residential buildings were mainly constructed from fired bricks, and markets, mosques, and workshops were also present. The Kimaks placed considerable emphasis on cultural development, as evidenced by archaeological findings of written artifacts and iron objects, reflecting a high level of civilization.

By the early 11th century, the Kimak Khaganate began to decline due to internal conflicts and the growing power of the Kipchaks. Consequently, many cities along the Irtysh fell into decline and came under Kipchak control. Nevertheless, the cities and cultural achievements of the Kimak period laid the foundation

for the subsequent development of urban life in the Kazakh steppe and remain of great significance for understanding the early medieval history and culture of the Kazakh people.

Keywords: Irtysh, Imaqiya, Karantia, Silk Road, Central Asia, cities, Kumekov, Al-Idrisi, written sources, Middle Ages.

Қимақтар - VII-ғасырдан бастап қалыптасқан түркі тілдес көшпелі тайпалар одағы; ал IX-ғасырда жеке мемлекетке айналған. Бұл мемлекет қазіргі Қазақстанның Ертіс, Алтай, Тарбағатай және Алакөл маңында орналасқан. Мемлекет құрамында жеті (кейін он-екіге дейін) тайпа кірген: Ими/Эймюр, Имек, Татар, Кыпчак, Баяндур, Ланиказ, Аджлар. Қимақтардың шаруашылығы негізінен мал-шаруашылық болғанымен, егіншілік пен сүйемелдейтін тұрмыс үлгілері де кездескен. Қимақтар мемлекеті араб-парсы деректерінде, карталарда көрініс тапқан. XI ғасырда қимақтардың саяси күші төмендеп, олардың орнына кыпчактар басты орынға шыққан. маңызды мұра бола алады деп ойлаймын.

Тарихи деректерге сәйкес, Қимақтар (қимақ тайпалары) алғышқыда «яньмо» атауымен Қобдо бассейнінде, Солтүстік-Батыс Монғолия аумағында тұрған деген болжам бар. (Содан кейін VII ғасырдың ортасына қарай олар Алтайдың солтүстік шығысына, нақтырақ айтқанда Ертіс өзенінің жоғарғы және орта ағысына қоныстанған. VIII-IX ғасырларда Қимақ одағы сапында мемлекетке айналған. Оның құрамына бірнеше тайпа кірді: Имек (Имак), Эймүр, Баяндур, Татар, Ланиказ, Аж-лад және Кейін Кыпчак т.б. тайпалар болған. Ертіс бойы олардың маңызды мекені ретінде қалыптасты, өйткені бұл жерде жайылым мен сауда жолдары қатар орналасқан еді. Мысалы, Эль-Идрисидің жазба деректері бойынша: «Ертістің маңында олардың 16 қаласы болған» делінеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ертіс бойындағы қалалар Қимақ мемлекетіндегі урбанизацияның, қала-қоныс мәдениетінің анық көрсеткіші болды. Ертіс бойындағы қимақ қалалары бірнеше маңызды ерекшеліктерге ие болды. Алдымен - орналасуы жөнінен: Ертіс өзені мен оның маңы - табиғат жағынан бай, су көзі мол, саудаға, көлікке ыңғайлы орында. Қалалардың мұнда шоғырлануы мемлекет үшін стратегиялық, сондай-ақ экономикалық жағынан тиімді болды. Қалалардың атаулары мен деректері-Тарихи жазба деректерге және араб-географтармен парсы мәтіндеріне қарағанда, Қимақ мемлекетінің қалаларының ішіндегі бірқатары Ертіс өзені маңында орналасқан. Мысалы: Имақия («Имак») - Қимақ қағанатының астанасы ретінде аталады. Сонымен қатар араб географы әл-Идриси өзінің картасында «Қимақ елі» аумағында 16-ға жуық қала бар екенін көрсетеді: Қарантия (Карантиян), Дамурия, Сараус, Астур т.б. Осы қалалардың Ертіс бойында орналасқанына куә болатын басқа деректер де бар: мысалы, қазақ тарихы ресурстарында «Ертістің маңында 16 қала болған» деп айтылады. Қалалардың құрылымы мен қызметі-Қимақ қалалары көшпелі-отырықшы қоғам жағдайында қалыптасқандықтан, олардың құрылымы ерекше. Қазіргіше тілмен айтсақ: қала аумағында қамал, цитадель, рабад (сыртқы қала) сияқты бөліктер болған. Ішкі қалада хан орны, әкімшілік ғимараттар, діни орындар орналасқан. Сыртқы қалада базарлар, қолөнер шеберханалары, тұрғын үйлер болған. Мұндай құрылым Ұлы Даладағы кей көшпелі халықтарға да тән.

Экономика жағынан - Қимақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, бірақ Ертіс бойындағы қалаларда егіншілік, қолөнер, сауда жолы қызметтері дамыған. Металл өңдеу, темір құю, орманды жерлерден ресурс алу, саудагерлік қатынастар барлығы қала өмірінің құрамдас бөлігі болған.

Ертіс бойындағы қалалардың мемлекеттік-әкімшілік рөлі

Қимақ құрылымында қала тек тұрмыс үшін ғана емес, басқару орталығы ретінде қызмет етті. Астаналық қала ретінде Имақия маңызды рөл атқарған. Бұл қалалар мемлекеттік билік, саяси ұйым, дипломатиялық байланыстар, сауда және мәдени алмасудың орталығы болған.

Мемлекет ішіндегі тайпа бірлестігі, уәлаяттар (удел) арқылы бөлінген құрылым да байқалады. Қимақ қағанатының басқару жүйесінде қаған, ябғу, шад-түрік иерархиясы болған. Осы тұрғыдан алғанда, Ертіс бойы қалалары билік жүйесінің маңызды түйіні болды, олар арқылы тайпалар бірлестігі орталықтандырылған басқарумен, сауда-экономикалық интеграциямен қамтамасыз етілген.

Сауда жолдары мен экономикалық байланыстар

Ертіс бойындағы қалалардың маңыздылығының тағы бір бағыты сауда жолдарымен байланыста болып отыр, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында қызмет етуі. Ертіс өзені арқылы Сібір, Орта Азия, Шығыс және Батыс өңірлер арасы байланыс орнатылды. Бұл байланыстар қимақ қалаларына көп тауар мен мәдениет әкелді: қалаларда базарлар болған, жәрмеңкелер өткізіліп, шекаралық сауда, мал-жан, жібек, металл шикізаттар айналымда болған. Қимақ мемлекеті мал шаруашылығымен қатар сауданың және қолөнердің дамығанын байқаймыз. Сондай-ақ, Ертіс бойы қалалары сайлау, басқару және тұрғындардың көшпелі және отырықшы өмір салты арасында «көпір» рөлін атқарған. Қала үстімен өтіп жатқан тас жолдар мен өзен жолдары оларды стратегиялық түрде маңызды етті.

Мәдени және әлеуметтік бағыттары

Қимақ қалалары мәдени өмір мен әлеуметтік құрылым үшін де маңызды болды. Қолжазба деректерде қимақтарда жазу мәдениеті болғаны жайлы, олардың арасында жазулы ескерткіштер табылғаны жайлы деректер бар. Қимақтарда көшпелі дәстүрлермен қатар қала мәдениеті де қалыптаса бастаған: храмдар, мешіттер, базарлар, шеберханалар болған. Бұл қалалар рухани-мәдени алмасу, сыртқы көрші халықтармен байланыс орнату орталығы болды. Мысалы, ислам діні жаю барысында қала орталықтары маңызды роль атқарды. Әлеуметтік-экономикалық құрылым тұрғысынан: қаладағы тұрғындар көшпелі малы бар малшыдан бастап, қаладағы қолөнершіге, саудагерге дейін әртүрлі. Бұл халықтың әлеуметтік дараланып, қоғамдық топтарға бөлінуіне жағдай жасайды. IX-XI ғасырларда Қимақ қағанаты ең жоғары өрлеу кезеңіне жеткенімен, кейін ішкі және сыртқы себептерге байланысты ыдырау жолына түсті. Ертіс бойындағы қалалар да осы үдерістен тыс қалмады.

Сыртқы қысым - атап айтқанда, Қыпшақ қағанаты (Дешті-Қыпшақ) бағытынан келген тайпалық қозғалыстар, ішкі тайпалар арасындағы билік үшін күрес, мемлекет басқару жүйесіндегі дағдарыстар қалалардың құлдырауына әсер етті. Сонымен қатар, сауда жолдарының өзгеруі, көшпелілердің өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты экономикалық факторлар да қала өміріне теріс әсер етті.

Ертіс бойындағы кейбір қалалар уақыт өте келе тастанды-бос қалаларға айналды, археологиялық қазбаларда олардың бұзылған қабырғалары, күл-қоқыстары анықталған. Олардың көбісінің аты тарихта жоғалып кеткен немесе сыртқы деректерде ғана қалған.

Зерттеу материалдары және әдістер

Салыстырмалы деректер бойынша сол кездегі қалаларды белгілі бір ғалымдардың жазба деректерінен қарап салыстырамын деп шештім. Яғни Қимақ қалалары мен басқа көшпелі және жартылай көшпелі қоғам қалаларымен салыстыру. Қалалардың құрылымдарымен және урбанизациясының дамуын және әкімшілік сауда жолдарын анықтау.

Ең алдымен Қимақтардың астанасы Имақияның құрылымын анықтап алайық. Қимақ қалаларының құрылымы (қамал, цитадель, рабад) болып бөлінеді. Қимақ қалалары және сол дәуірдегі барлық қалалардың құрылымы бір біріне сәйкес болып табылады.

Осы кезге дейін Ертіс бойындағы қалаларға тікелей археологиялық экспедицалар жүргізілмеген болатын. Солайша Тимур Нұрланұлы бастаған экспедицияларынан ақпараттар алдым. Имақия қалаларынан басқада өңірлерінде ертіс бойындағы Кенжекөл аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер бұл өңірдің VII-XI ғасырларда Қимақ қағанатының ірі отырықшы орталығы болғанын анықтады. 2000-жылдардан бері қазылған 20-ға жуық оба мен тұрақтар Ертіс жағасын бойлай бірнеше шақырымға созылған көне молалар жүйесін көрсетеді. Табылған жәдігерлер - темір қару-жарақтар, қола бұйымдар, жібек пен былғары қалдықтары, ағаш заттар - өзен жайылмасындағы топырақтың ерекше құрамының арқасында жақсы сақталған. Ежелгі қимақ-қыпшақтардың бұл қонысы кейін қазақ руларының тұрақты мекеніне айналған. Кеңес дәуірінде аумақтың көп бөлігі құрылыстар салу кезінде жойылып кетсе де, аман қалған обаларды зерттеу Ертіс бойындағы ежелгі өркениет туралы тың деректер ашуға мүмкіндік беріп отыр.” <https://egemen.kz/article/363981-qimaq-qaghanaty-eskertkishteri-kereku-tarikhyn-terenhdetedi>”

Зерттеулер материалдары

Зерттеу барысында мен археологиялық деректерді сүзгілеп алдым. Тимур Нұрланұлы бастаған, Ертіс өзені бойындағы (Павлодар) археологиялық экспедицияларды қолдандым. Және де жазба деректерден Т. Султанов, Б. Кумеков, Эль Идриси, С. М. Ахинжанов,

Байпақов, және т.б.

Гардизи - “Зайн ал-Ахбар”

Бұл еңбекте Қимақ тайпаларының Алтайдан Ертіс бойына көшуі, олардың одағының қалыптасуы, тайпалық құрамы және ерте астанасы жөнінде маңызды мәліметтер берілген

Қимақтардың шығу тегі мен “яньмо/имақ” атауы - Гардизи, «Зайн ал-Ахбар», Иран басылымы, 1960 ж., 143-145-беттер.

Қимақ билеушілері мен қала-аудандардың сипатталуы - 147-150-беттер.

К. А. Ақышев - “Древняя культура Казахстана” (Алматы, 1984)

Ертіс өңіріндегі Баянаул, Павлодар, Қаражар, Ескі Қимақ және Ақсумбе қоныстары жөніндегі археологиялық деректер - 212-218-беттер.

Талқылау

Ертіс бойындағы қимақ қалаларына қатысты деректерді талдай отырып, олардың аймақтық саяси және экономикалық өмірдегі орны әлдеқайда маңызды болғанын байқауға болады. Қимақ мемлекеті көбіне көшпелі мемлекет ретінде сипатталғанымен, зерттеу барысында бұл ұғымның біржақты еместігі анықталды. Археологиялық және жазба деректер қимақтардың қалалық мәдениетке

бейім болғанын, Ертіс бойында тұрақты отырықшылық пен сауда орталықтарының дамығанын дәлелдейді.

Жазба деректерге сүйенсек, қимақтардың қалалары тек шаруашылық орталығы ғана емес, сонымен қатар саяси билік шоғырланған аймақтар болған. Мысалы, араб географтарының мәліметтерінде қимақ хандарының ордалары қалалық сипатта болғаны айтылады. Бұл деректер Мағжан Жұмабаев, В.В.Бартольд, К.А.Пишулина сияқты зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдармен сабақтасып жатыр. Менің зерттеуімде де осы ғалымдардың пікірлері бір-бірін толықтырып тұрғаны анық байқалады.

Сонымен бірге, Ертіс бойындағы қимақ қалаларының нақты орналасуы, саны, олардың арасындағы байланыстар мәселесі әлі де толық шешілген жоқ. Бұл ретте археология ғылымының рөлі ерекше. Қазіргі таңда табылған ескерткіштер мен қалашықтар қимақ мәдениетін дәл тануға мүмкіндік бергенімен, әлі де зерттелмеген нысандар көп. Сондықтан бұл тақырыптың болашақта кеңіе түсу ықтималдығы жоғары.

Талдау нәтижесінде ең маңызды қорытындының бірі - қимақтардың тек көшпелі емес, жартылай отырықшы, ал кей аймақтарда толық отырықшы-қалалық өмір салтын ұстанған халық болғаны. Ертіс бойындағы қалалардың дамуы олардың шаруашылығының күрделенгенін, металлургия, қолөнер, сауда сияқты бағыттардың жақсы дамығанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде қимақтардың көрші тайпалармен және мемлекеттермен дипломатиялық әрі экономикалық байланыстарды нығайтуына әсер еткен.

Жалпы, зерттеу барысында түрлі ғалымдардың еңбектерін салыстыра отырып, қимақ мемлекеттік құрылымының күрделілігі мен олардың өркениеттік дамуы туралы неғұрлым толық көзқарас қалыптасты. Ертіс бойындағы қалалар - тек қимақтардың тұрмысына қатысты дерек емес, сондай-ақ сол кезеңдегі бүкіл Еуразиялық даланың мәдени-экономикалық дамуын сипаттайтын маңызды тарихи феномен екенін осы жұмыстағы талдау айқын көрсетті.

Нәтиже

Зерттеу барысында қимақ қалаларына қатысты ортағасырлық жазба деректер мен археологиялық материалдар жан-жақты қарастырылды. Ертедегі араб-парсы авторларының мәліметтерін салыстыра отырып, қимақтардың Ертіс бойында бірқатар тұрақты қалалары болғаны анықталды. Бұл қалалардың тек шаруашылық орталығы ғана емес, сонымен бірге билік тұрағы, қолөнер, металлургия және сауда нүктесі ретінде қызмет атқарғаны байқалады. Жиналған деректер қимақтардың тек көшпелі емес, отырықшылыққа бейім халық болғанын дәлелдейді.

К.А.Пишулина, В.В.Бартольд, Т.И.Сұлтанов, сондай-ақ басқа да зерттеушілердің еңбектерін саралау барысында олардың пікірлерінде бірқатар ұқсастықтар мен нақтылайтын тұстардың бар екені анықталды. Ғалымдар қимақ қалаларының орналасуын, олардың құрылымдық сипатын және экономикалық рөлін әртүрлі дереккөздерге сүйеніп түсіндіреді. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, олардың барлығы да Ертіс өңірінің қимақ мемлекеті үшін негізгі саяси-экономикалық тірек болғанын мойындайды. Осы арқылы зерттеу нәтижесі қимақ қалаларының дамыған қалалық жүйе болғанын тағы да нақтылай түсті.

Жұмыс нәтижесінде Ертіс бойындағы қимақ қалаларының аймақтық маңызы жоғары болғаны анықталды. Бұл қалалар қимақтардың мемлекеттік құрылымының қалыптасуына тікелей әсер етіп, қолөнер, сауда және дипломатияның дамуына жол ашқан. Сонымен бірге, археологиялық мәліметтер мен жазба деректерді қатар қарастыру қимақтардың өмір салты біржақты көшпелі болмағанын көрсетті. Демек, Ертіс бойындағы қалалар - қимақ өркениетінің маңызды көрсеткіші және сол дәуірдің мәдени-экономикалық деңгейін айқындайтын негізгі дәлелдердің бірі.

Қорытынды

Ертіс бойындағы қимақ қалаларына жүргізілген зерттеу қимақ мемлекетінің тарихи болмысын жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Жазба деректер мен археологиялық материалдарды бір-бірімен сабақтастыра қарастыру арқылы қимақтардың тек көшпелі қоғам емес, өзіндік қалалық мәдениеті қалыптасқан, отырықшылық элементтері басым қауым болғаны айқындалды. Ертіс өңірінде орналасқан қалалар олардың саяси билігінің орталығы, шаруашылық пен қолөнер дамыған аймақ, сондай-ақ көрші халықтармен экономикалық байланыс орнататын маңызды нүктелер болған.

Зерттеу барысында әртүрлі ғалымдардың тұжырымдарын салыстыру қимақ қалаларының тарихи маңызын тереңірек түсінуге жағдай жасады. Барлық деректер қимақтардың аймақтағы саяси тұрақтылық пен экономикалық өсімге ықпал еткен ірі күш болғанын көрсетеді. Қалалардың болуы - олардың мемлекеттік құрылымының күрделенгенін, әлеуметтік жіктелудің болғанын және мәдени дамудың біршама жоғары деңгейге жеткенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Ертіс бойындағы қимақ қалалары - ортағасырлық дала өркениеттерінің аймақтық дамуын түсінуге көмектесетін маңызды тарихи құбылыс. Бұл қалалар арқылы біз қимақтардың қоғамдағы орны мен мәдени-экономикалық жетістіктерін нақтылай аламыз. Сондықтан қимақ қалаларын зерттеу - қазақ даласының ортағасырлық тарихын терең әрі жан-жақты тануға жол ашатын өзекті бағыттардың бірі.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Кумеков, Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. - Алма-Ата: Наука, 1972. - 218 б.
2. Байпақов, К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. - Алматы, 1998. - 212 б.
3. Ақышев, К.А. Древняя культура Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1984. - 256 б.
4. Кляшторный, С.Г.; Султанов, Т.И. Государства и народы Евразийских степей. - Москва: Восточная литература, 2009. - 367 б.
5. Электронды дереккөз: e-history.kz - «Қимақ мемлекеті», «Ертіс бойындағы қалалар» мақалалары, 2021.
6. Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі. «Қимақ мемлекеті IX-XI ғасырлар», 2020.
7. К.М. Байпақов - “Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути” (Алматы, 1998)
8. Ертіс бойындағы ортағасырлық қалалардың құрылымы (цитадель, шахристан, рабад) - 63-71-беттер.
9. Қала экономикасы (қолөнер, металл өңдеу) - 85-89-беттер.
10. К.А. Ақышев - “Древняя культура Казахстана” (Алматы, 1984)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Тұрысбекова Д.С.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

turysbekovadana@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан аймағындағы жер-су атауларының ономастикалық атаулары, олардың тарихи және мәдени негіздері, тілдік құрылымдық ерекшеліктері қарастырылды. Шығыс Қазақстан тау жүйелері, өзен аңғарлары, көлдер мен жазықтар тоғысқан өңір, сондықтан аймақтағы топонимдік қабаттың қалыптасуы да сан алуан тарихи кезеңдермен байланысады. Аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктері топонимдердің мазмұнына тікелей әсер етіп, жергілікті атаулардың семантикалық қабаттарын байытты. Зерттеу барысында ойконимдер, гидронимдер, оронимдер және микропонимдер кешені талданып, олардың шығу тегі, семантикалық дамуы мен фонетикалық өзгерістері анықталды. Сонымен бірге әр атаудың тарихи кезеңдерде қалай өзгергені, қандай әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпал еткені де қарастырылды. Жұмыста Ресей империясы кезеңінің картографиялық материалдары, кеңестік топонимиялық жазбалар және қазіргі ономастикалық ресурстар пайдаланылды. Археологиялық мәліметтер мен этнолингвистикалық талдау әдістері аймақ атауларының тарихи контекстін ашуға мүмкіндік берді. Археологиялық деректер әсіресе ежелгі қоныстар маңындағы атаулардың түп-төркінін нақтылауда маңызды рөл атқарды. Зерттеу барысында Катонқарағай, Мұзтау, Алтай сияқты ірі оронимдерінің құрылымы мен этимологиясы қарастырылып, олардың жергілікті халықтың шаруашылық дәстүрімен, қоныстану тарихымен және табиғи ортаның ерекшеліктерімен байланысы айқындалды. Бұл оронимдер тек табиғи нысандарды емес, өңір мәдениетінің тарихи сабақтастығын да көрсетеді. Алынған нәтижелер Шығыс Қазақстан топонимиясының көпқабатты тарихи негізін көрсетеді және өңірдің мәдени-географиялық дамуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу аймақтағы ономастикалық дәстүрдің сақталуы мен өзгеруіне әсер еткен факторларды жүйелеп, жер-су атауларының лингвистикалық және этнографиялық маңызын жан-жақты сипаттайды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері аймақ топонимиясын болашақта қорғап, жүйелі түрде дамыту үшін маңызды ғылыми база қалыптастырады.

Кілт сөздер: Шығыс Қазақстан, Өскемен, қала тарихы, экспедиция, топонимиялық атау, гидроним, Алтай, тарихи ономастика, карта, Катонқарағай.